

Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2021 жылғы 30 желтоқсандағы № 97-VII ҚРЗ.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы заңның қолданысқа енгізілу тәртібін 31-б. қараңыз.

Қолданушыларға ыңғайлы болуы үшін ЗҚАИ мазмұнды жасады.

МАЗМҰНЫ

Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша "қаңғыбас", "Қаңғыбас" деген сөздер тиісінше "иесіз", "Иесіз" деген сөздермен ауыстырылды – ҚР 19.05.2026 № 292-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Ескерту. Кіріспе алып тасталды – ҚР 19.05.2026 № 292-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) аулау қызметі – жануарларды аулаумен, уақытша ұстаумен және жансыздандырумен айналысатын, астананың, республикалық маңызы бар қалалардың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары құрған мемлекеттік заңды тұлғалар, сондай-ақ дара кәсіпкерлер және мемлекеттік емес заңды тұлғалар;

2) жабайы жануарлар – жабайы табиғат табиғи мекендеу ортасы болып табылатын, оның ішінде еріксіз және (немесе) жартылай ерікті жағдайларда ұсталатын жануарлар;

3) жануарға қатыгездікпен қарау – жануардың өліміне, мертігуіне немесе оның саулығына өзге де зиян келуіне алып келген немесе алып келуі мүмкін қасақана іс-әрекет;

4) жануарды эвтаназиялау (бұдан әрі – эвтаназиялау) – жануардың ауырсынуын және физикалық қиналуын болғызбай оны дәрі-дәрмекпен жансыздандыру;

5) жануардың иесі – жануар меншік құқығымен немесе өзгедей заттық құқықпен тиесілі болатын жеке немесе заңды тұлға;

6) жануарлар – омыртқалы жануарлар;

7) жануарларға арналған оңалту орталығы – жануардың иесіне және (немесе) жауапты адамға не табиғи мекендеу ортасына қайтарылуға жататын немесе жатпайтын, тіршілігі мен саулығына қатер төндіретін жағдайға ұшыраған, табиғи жағдайларда

тіршілік ете алмайтын жануарларды, сондай-ақ жеке немесе заңды тұлғалардан алып қойылған немесе тәркіленген үй жануарларын (компаньон-жануарларды) шектеулі қабылдауға, емдеуге, уақытша ұстауға, оңалтуға және бейімдеуге арналған және жабдықталған мүліктік кешен;

8) жануарларға арналған панажай – тіршілігі мен саулығына қатер төндіретін жағдайға ұшыраған жануарларды, қараусыз қалған және иесіз жануарларды, сондай-ақ жеке немесе заңды тұлғалардан алып қойылған немесе тәркіленген үй жануарларын (компаньон-жануарларды) ұстауға арналған және жабдықталған мүліктік кешен;

9) жануарларға жауапкершілікпен қарау саласындағы қоғамдық инспектор (бұдан әрі – қоғамдық инспектор) – жануарларға жауапкершілікпен қарау саласындағы қоғамдық бақылауды жүргізу қағидаларына сәйкес жануарларға жауапкершілікпен қарау саласындағы қоғамдық бақылауды жүзеге асыратын жеке тұлға;

10) жануарларға жауапкершілікпен қарау саласындағы уәкілетті орган – жануарларға жауапкершілікпен қарау саласындағы басшылық пен салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

11) жануарларды уақытша ұстау пункті – табылған, ауланған қараусыз қалған және иесіз жануарларды, ұстаудан бас тартуына байланысты иелері немесе жауапты адамдар берген, сондай-ақ жеке немесе заңды тұлғалардан алып қойылған немесе тәркіленген үй жануарларын (компаньон жануарларды) уақытша ұстауға әдейі арналған және жабдықталған мүліктік кешен;

12) жануарлардың төбелесі – жануарларды бір-біріне айтақтау нәтижесінде не олардың тұқымдық сипаттамалары салдарынан, жануар иесінің және (немесе) жауапты адамның айқастың алдын алу немесе тоқтату жөніндегі шараларды әдейі қабылдамауы кезінде туындаған екі және одан көп жануардың айқасы;

13) жауапты адам – жануар иесінің осы Заңда белгіленген құқықтары мен міндеттерін жануар иесінің жазбаша тапсырмасы бойынша өзіне алатын адам;

14) жылжымалы хайуанаттар бағы – жануарларды ұстау және тасымалдау арқылы ғылыми маңызы жоқ цирк, эстрада, ойын-сауық қызметінде жануарларды көпшілікке демонстрациялау үшін пайдаланылатын арнайы жабдықталған жылжымалы конструкциялар, оның ішінде торлар;

15) зоологиялық жатынжай – дара кәсіпкер немесе мемлекеттік емес заңды тұлға құрған, жануарлардың иелерімен келісу бойынша үй жануарларын (компаньон-жануарларды) уақытша ұстауға немесе ұстай тұруға арналған және жабдықталған мүліктік кешен;

16) зоологиялық питомник – дара кәсіпкер, мемлекеттік не мемлекеттік емес заңды тұлға құрған, асыл тұқымдық құндылығы бар немесе арнаулы мақсаттағы жануарларды ұстау және өсіру үшін әдейі жабдықталған және соған арналған мүліктік кешен;

16-1) иесіз жануарлар – иесі жоқ немесе үй жануарлары есебіне алынбаған иттер мен мысықтар;

17) контактілі зоопарк – жануарларды көпшілікке демонстрациялау және келушілерге физикалық контакт беру мақсатында оларды ұстау үшін пайдаланылатын арнайы жабдықталған құрылысжайлар, үй-жайлар, көлік, торлар, қоршаулар және басқа да конструкциялар;

18) алып тасталды – ҚР 19.05.2026 № 292-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

19) қараусыз қалған жануарлар – ұстау орнынан тыс жерде және жануардың иесі және (немесе) жауапты адам тарапынан бақылаусыз қалған жануарлар;

20) қызметтік жануарлар – іздеу, күзету, патрульдік-бекеттік, қорғау-қарауыл, іздестіру-құтқару мақсаттарында және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де қызметтік мақсаттарда арнайы даярланған және пайдаланылатын (қолданылатын) жануарлар;

21) мертігу – Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасында айқындалған жағдайларды қоспағанда, қандай да бір ағзаның функциясын толық немесе ішінара жоғалтуға, сондай-ақ жануардың анатомиялық тұтастығын бұзуға алып келген, жануардың саулығына келтірілген ауыр зиян;

22) стерилизациялау – жануарды хирургиялық, дәрі-дәрмекпен не өзге тәсілдермен ұрпақ өрбіту қабілетінен айыру;

23) ұстау орны – жануардың иесі және (немесе) жауапты адам пайдаланатын, жануар ұсталатын ғимараттар, құрылыстар, құрылысжайлар, үй-жайлар немесе жер учаскелері;

24) үй жануарлары (компаньон жануарлар) (бұдан әрі – үй жануарлары) – қай түрге жататынына қарамастан, адам эстетикалық қажеттіліктері мен қарым-қатынас қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін дәстүрлі түрде асырайтын және өсіретін жануарлар;

25) үй жануарларын есепке алу – үй жануарына жеке нөмір берілгені, тұрғылықты жері көрсетілген оның иесі және жүргізілген ветеринариялық іс-шаралар туралы мәліметтерді міндетті тіркеу;

26) үй жануарларын есепке алу бұйымдары (құралдары) – үй жануарларын есепке алу үшін пайдаланылатын, чиптер және басқа да бұйымдар (құралдар);

27) үй жануарларын серуендету – жануар иесінің және (немесе) жауапты адамның жануарды ұстау орнының шегінен тыс жерге шығаруды көздейтін және жануардың қозғалыс белсенділігіне, табиғи қажеттіліктерін атқаруға деген физиологиялық қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған әрекеттері;

28) үй жануарларының өз бетінше серуендеуі – үй жануарларының ұстау орнынан тыс жерде жануар иесінсіз және (немесе) жауапты адамсыз өз бетінше болуы;

28-1) шұғыл ден қою шаралары – адамның, жануарлардың қауіпсіздігін, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету және (немесе) адамның өміріне немесе денсаулығына, жануарлардың тіршілігіне немесе саулығына және жеке және (немесе) заңды

тұлғалардың мүлкіне қатер төнуін болғызбау мақсатында жануарлардың агрессия көрсетуін дереу тоқтатуға және (немесе) оның салдарын барынша азайтуға бағытталған іс-шаралар жиынтығы, оның ішінде әрекеттер;

29) эксперименттік (зертханалық) жануарлар – ғылыми зерттеулер, биологиялық тестілеу, оқу процесін жүргізу үшін, медициналық мақсаттарда, сондай-ақ биомедициналық препараттар алу үшін өсірілетін, ұсталатын және пайдаланылатын жануарлар.

Ескерту. 1-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 19.05.2026 № 292-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

2-бап. Қазақстан Республикасының жануарларға жауапкершілікпен қарау саласындағы заңнамасы

1. Қазақстан Республикасының жануарларға жауапкершілікпен қарау саласындағы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді, осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта осы Заңда қамтылғаннан өзгеше қағидалар белгіленсе, онда халықаралық шарттың қағидалары қолданылады.

3-бап. Осы Заңның негізгі мақсаттары, міндеттері мен қағидаттары

1. Осы Заңның мақсаттары – жануарлардың қорғалуы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету, адамгершілікті нығайту, ізгілікті сақтау, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардың жануарларға қарау кезіндегі құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау.

2. Осы Заңның міндеттері:

1) жануарлардың тіршілігі, саулығы мен амандығы үшін иелерінің жауапкершілігін қалыптастыру;

2) жануарларды қорғау жөніндегі шаралар жүйесін қамтамасыз ету;

3) халықты жануарларға адамгершілікпен, ізгілікпен және саналы түрде қарауға тәрбиелеу.

3. Жануарларға жауапкершілікпен қарау саласындағы қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеу мынадай қағидаттарға негізделеді:

1) жануарларды ауырсыну мен тән азабын сезіне алатын тіршілік иелері деп тану;

2) жануарларға қатыгездікпен қарауға, ауырсыну тудыруға, тән азабын шектіруге және олардың негізсіз өлтірілуіне жол бермеу;

3) адам мен жануарлардың құрметке, қамқорлыққа және қоғам мен табиғат мүдделерінің тепе-теңдігіне негізделген үйлесімді тіршілік етуі.

Ескерту. 3-бап жаңа редакцияда – ҚР 19.05.2026 № 292-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

4-бап. Жануарларды қатыгездікпен қараудан қорғау

1. Жануарларға қатыгездікпен қарауға тыйым салынады.

2. Жануарларға қарау кезінде:

1) жануардың өлуіне, мертігуіне немесе саулығына өзге де зиян келтіруге алып келген немесе алып келуі мүмкін жануарды ұрып-соғуға, азаптауға, оның ішінде аштықпен, шөлмен азаптауға және жануарды бөлшектеу, өртеу, суға батыру, тұншықтыру, өлімші етіп ұру арқылы өзге де зорлық-зомбылық әрекеттеріне;

2) ауырсынуды басатын препараттар мен анестетиктерді қолдану жануардың саулығына зиян келтіруі мүмкін болатын жағдайларды қоспағанда, жануарларға ауырсынуды басуды немесе анестезияны қолдану көрсетілген ветеринариялық және өзге де емшараларды тиісті заттарды міндетті түрде қолданбай жүргізуге;

3) бұзақылық пиғылмен не қызметтік міндеттерді атқаруға немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылатын аң аулауға байланысты емес мақсаттарда жануарларды адамға және (немесе) басқа жануарларға айтақтауға;

4) жануарлар және (немесе) олардың ұрпағы жануарларға арналған панажайларға, жануарларды уақытша ұстау пункттеріне орналастырылғанға немесе өзге де заңды тәсілмен иеліктен шығарылғанға дейін жануарлар иелерінің немесе жауапты адамдардың оларды ұстау жөніндегі міндеттерін орындаудан бас тартуына;

5) егер жануар иесінде және (немесе) жауапты адамда тіршілігі мен саулығы үшін қауіпті жай-күйдегі жануарға көмек көрсету мүмкіндігі болса немесе өздері оны тіршілігі мен саулығы үшін қауіпті жай-күйге түсірсе, жануарға бұл адамдардың көмек көрсетпеуіне;

6) жануарлар төбелесін ұйымдастыруға және өткізуге;

7) "Дене шынықтыру және спорт туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жануарлар пайдаланылатын ұлттық спорт түрлері бойынша спорттық іс-шараларды қоспағанда, жануардың мертігуіне немесе саулығына өзге де зиян келтірілуіне не жануарлардың өліміне алып келетін ойын-сауық іс-шараларын ұйымдастыруға және өткізуге;

8) жануардың мертігуіне немесе саулығына өзге де зиян келтірілуіне не жануардың өліміне алып келетін мүкәммалды және өзге де құрал-жабдықты пайдалануға;

9) иттер мен мысықтарды тамаққа пайдалану, сою немесе мертіктіру немесе саулығына өзге де зиян келтіру арқылы осындай жануарлардан өнім мен шикізат алу үшін оларды өсіруге, ұстауға, пайдалануға, сондай-ақ мысықтар мен иттердің жүнін тарау тәсілімен алуды қоспағанда, осындай өнімді өткізуге;

10) ветеринариялық дәрігер болып табылмайтын адамның эвтаназиялауды жүргізуіне;

11) үй жануарларын және жабайы жануарларды ғылыми мақсаттарда будандастыруды қоспағанда, оларды шағылыстыруға тыйым салынады.

3. Егер жануарды нысаналы мақсаты бойынша одан әрі пайдалану мүмкін болмаса, жануардың иесі немесе жауапты адам мұндай жануарды ол өз өлімімен өлгенге дейін күтіп-бағуды қамтамасыз етуге не оны жануарларға арналған панажайға, жануарларды уақытша ұстау пунктіне, қажетті жағдай жасай алатын жеке немесе заңды тұлғаларға беруге міндетті. Жануарды жануарларды уақытша ұстау пунктіне берген кезде иесі немесе жауапты адам жануардың заңды тағдыры айқындалғанға дейін оны күтіп-бағуды қамтамасыз етуге міндетті.

Егер жануар саулығының жағдайы оның жасына байланысты өзгерістерге, созылмалы ауруларының болуына, жарақат алғаннан кейінгі жағдайына орай ұдайы ауырсынуды сезінуге не ағзалар жүйелерінің бұзылуына немесе тірек-қимыл аппаратының функционалдық тұрғыдан ауыр түрде бұзылуына байланысты жануардың тіршілік ету сапасының нашарлауын білдірсе, жануардың иесі ветеринариялық дәрігердің қорытындысы бойынша эвтаназиялау туралы шешім қабылдауға құқылы.

4. Мыналар:

1) жануар адамға және (немесе) жануарға шабуыл жасаған жағдайда және жануар адамның, жануарлардың өміріне немесе саулығына, сондай-ақ қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікке қатер төндіретін өзге де жағдайларда жануарға қарау;

2) дератизациялау;

3) жануарларды еріксіз және (немесе) жартылай ерікті жағдайларда ұсталатын басқа жануарларды қоректендіру үшін пайдалану;

4) осы Заңның және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес жүзеге асырылатын аң аулау, балық аулау немесе балық шаруашылығын, аквашаруашылықты жүргізу, жабайы жануарлардың санын реттеу, ауыл шаруашылығы жануарларын сою, ветеринариялық іс-шаралар, эвтаназиялау;

5) Қазақстан Республикасында тіркелген діни бірлестіктердің дін ұстанушылары діни жораларды өткізу кезінде, егер бұл олардың діни ілімінде көзделсе, жануарларды сою жануарларға қатыгездікпен қарау болып табылмайды.

Ескерту. 4-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 12.06.2025 № 194-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.05.2026 № 292-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

5-бап. Жануарларға жауапкершілікпен қарау саласында халықты ағарту және тәрбиелеу, жануарларға қатыгездікпен қарауды насихаттауға тыйым салу

1. Халықтың жануарларға адамгершілікпен және ізгілікпен қарауын тәрбиелеу, жануарларға қатыгездікпен қарауға жол бермеу мақсатында жануарларға жауапкершілікпен қарау саласында халықты ағарту және тәрбиелеу жүзеге асырылады.

Жануарларға жауапкершілікпен қарау саласында халықты ағарту мен тәрбиелеуді мемлекеттік органдар, жергілікті атқарушы органдар, білім беру және денсаулық сақтау ұйымдары, табиғат қорғау ұйымдары, қоғамдық бірлестіктер, өзге де заңды тұлғалар, сондай-ақ жеке тұлғалар Қазақстан Республикасының жануарларға жауапкершілікпен қарау саласындағы заңнамасы туралы хабарлау, биоэтика курсын оқыту немесе білім беру жүйесінде жануарларға ізгілікпен қарау бойынша сыныптан тыс жұмыс жүргізу, көрмелер, семинарлар, конференциялар, конкурстар, жарыстар және басқа да іс-шаралар өткізу арқылы жүзеге асырады.

2. Пайда табу мақсатында немесе онсыз, жануарларға қатыгездікпен қарауды насихаттауға және (немесе) соған шақыруға, оның ішінде баспа, дыбыс-бейне және өзге де хабарлар мен материалдарды шығару, демонстрациялау, тарату және өзге де пайдалану арқылы насихаттауға және (немесе) соған шақыруға тыйым салынады.

3. Жануарларға қатыгездікпен қарау фактілерін жазып-көрсету "Масс-медиа туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 5-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 19.06.2024 № 94-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

2-тарау. ЖАНУАРЛАРҒА ЖАУАПКЕРШІЛІКПЕН ҚАРАУ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ ЖӘНЕ БАСҚАРУ

6-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің жануарларға жауапкершілікпен қарау саласындағы құзыреті

Ескерту. 6-бап жаңа редакцияда - ҚР 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі жануарларға жауапкершілікпен қарау саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді.

7-бап. Жануарларға жауапкершілікпен қарау саласындағы уәкілетті органның құзыреті

Жануарларға жауапкершілікпен қарау саласындағы уәкілетті орган:

1) мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының Қазақстан Республикасының Президенті айқындаған негізгі бағыттары мен мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатының, оның қорғаныс қабілетінің, қауіпсіздігінің, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етудің Қазақстан Республикасының Үкіметі әзірлеген негізгі бағыттары негізінде және оларды орындау үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жануарларға жауапкершілікпен қарау саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастырады;

- 1-1) өз құзыреті шегінде стратегиялық, реттеушілік және іске асыру функцияларын жүзеге асырады;
- 2) жануарларды жануарларға арналған панажайларда, зоологиялық жатынжайларда, жануарларды уақытша ұстау пунктерінде, жануарларға арналған оңалту орталықтарында, зоологиялық питомниктерде ұстау қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 3) жануарларды мәдени-ойын-сауық мақсаттарында пайдалану және оларды ұстау қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 4) өздерінің мекендеу ортасына қайтару мүмкін емес, еріксіз және (немесе) жартылай ерікті жағдайлардағы жабайы жануарларға қарау қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 5) жануарларды аулаудың, уақытша ұстаудың және жансыздандырудың үлгілік қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 6) жануарларға арналған панажайлардың, сондай-ақ жануарларды уақытша ұстау пункттерінің қызметі мен оларды есепке алу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 7) алып тасталды – ҚР 19.05.2026 № 292-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;
- 8) жануарларды тасымалдау қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 9) үй жануарларын есепке алу қағидаларын және есепке алуға жататын үй жануарларының тізбесін әзірлейді және бекітеді;
- 10) осы Заңның 10-бабының 3-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, ұсталуына, өсірілуіне және айналымына тыйым салынған немесе шектелген жануарлардың тізбесін әзірлейді және бекітеді;
- 11) жануар иесінің ерекше жауапкершілігін талап ететін үй жануарларының тізбесін әзірлейді және бекітеді;
- 12) үй жануарларын ұстаудың және серуендетудің үлгілік қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 13) жануарларға жауапкершілікпен қарау саласындағы қоғамдық бақылауды жүргізу, сондай-ақ жеке тұлғаларға жануарларға жауапкершілікпен қарау саласындағы қоғамдық инспекторлар куәліктерін беру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 14) иттерді қоспағанда, иесіз жануарларды стерилизациялау қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 15) еріксіз және (немесе) жартылай ерікті жағдайларда ұсталатын басқа жануарларды қоректендіру үшін пайдаланылатын жануарлардың тізбесін әзірлейді және бекітеді;
- 15-1) жануарларға жауапкершілікпен қарау саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және бекітеді;

16) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 7-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.05.2026 № 292-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

8-бап. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті өкілді органдарының жануарларға жауапкершілікпен қарау саласындағы құзыреті

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті өкілді органдары жануарларға жауапкершілікпен қарау саласында:

- 1) үй жануарларын ұстау және серуендету қағидаларын бекітеді;
- 2) жануарларды аулау, уақытша ұстау және жансыздандыру қағидаларын бекітеді;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету жөніндегі өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

9-бап. Жергілікті атқарушы органдардың жануарларға жауапкершілікпен қарау саласындағы құзыреті

1. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары жануарларға жауапкершілікпен қарау саласында:

1) үй жануарларын ұстау және серуендету қағидаларын әзірлейді және тиісті мәслихатқа ұсынады;

2) алып тасталды – ҚР 17.07.2025 № 213-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

3) алып тасталды – ҚР 17.07.2025 № 213-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

4) үй жануарларын есепке алуды ұйымдастырады;

5) жануарларды аулау, уақытша ұстау және жансыздандыру қағидаларын әзірлейді және тиісті мәслихатқа ұсынады;

6) алып тасталды – ҚР 17.07.2025 № 213-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

7) жануарларға арналған панажайлар мен жануарларды уақытша ұстау пункттерін есепке алуды жүргізеді;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасында жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде жүзеге асырады.

1-1. Республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары жануарларға жауапкершілікпен қарау саласында:

1) үй жануарларын серуендетуге не өзге мақсатта жануарлармен жүруге тыйым салынған орындарды айқындайды, сондай-ақ қажет болған кезде үй жануарларын серуендетуге арналған орындарды жабдықтайды;

2) жануарларға арналған панажайлардың қызметін ақпараттық қамтамасыз етуді және жануарларды жаңа иелеріне беруге, адасып қалған жануарлардың иелерін іздеуге, үй жануарларын стерилизациялау қажеттілігі туралы хабарлауға бағытталған әлеуметтік жарнаманы ұйымдастырады;

2-1) жануарларды аулау, уақытша ұстау және жансыздандыру қағидаларына сәйкес шұғыл ден қою шараларын ұйымдастырады;

3) иесіз жануарлардың санын реттеуді ұйымдастырады.

1-2. Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдары:

1) үй жануарларын серуендетуге не өзге мақсатта жануарлармен жүруге тыйым салынған орындарды айқындайды, сондай-ақ қажет болған кезде үй жануарларын серуендетуге арналған орындарды жабдықтайды;

2) жануарларға арналған панажайлардың қызметін ақпараттық қамтамасыз етуді және жануарларды жаңа иелеріне беруге, адасып қалған жануарлардың иелерін іздеуге, үй жануарларын стерилизациялау қажеттілігі туралы хабарлауға бағытталған әлеуметтік жарнаманы ұйымдастырады;

2-1) жануарларды аулау, уақытша ұстау және жансыздандыру қағидаларына сәйкес шұғыл ден қою шараларын ұйымдастырады;

3) иесіз жануарлардың санын реттеуді ұйымдастырады.

2. Жергілікті атқарушы органдар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жануарларға арналған панажайларды салу мен күтіп-ұстауды ұйымдастыруға, жануарларға арналған жеке панажайларды қоса қаржыландыруды жүзеге асыруға құқылы.

Ескерту. 9-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 17.07.2025 № 213-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.05.2026 № 292-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

3-тарау. ЖАНУАРЛАРДЫ ҰСТАУ ЖӘНЕ ОЛАРҒА ҚАРАУ ЖӨНІНДЕГІ НЕГІЗГІ ТАЛАПТАР

10-бап. Жануарларды ұстау жөніндегі жалпы талаптар

1. Жануарларды ұстау жөніндегі жалпы талаптарға:

1) жануарлардың биологиялық, түрлік және жеке ерекшеліктеріне сәйкес келуге, олардың табиғи қажеттіліктерін қанағаттандыруға тиіс жануарларды ұстау жағдайлары ;

2) Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкес жануарлар ауруларының профилактикасын, диагностикасын, оларды емдеуді және жоюды қамтамасыз ету жатады.

2. Жануарлардың жекелеген санаттарын ұстау осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасында реттеледі.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

3-тармақ жаңа редакцияда көзделген – ҚР 19.05.2026 № 292-VIII (01.01.2027 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

3. Тұрғынжайларда ұстауға тыйым салынған жануарлар тізбесіне енгізілген жануарларды тұрғынжайларда ұстауға және өсіруге жол берілмейді.

4. Аулау қызметтері, жануарларға арналған панажайлар, жануарларды уақытша ұстау пункттері иттерді қоспағанда, иесіз жануарларды вакциналауды Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған көздер есебінен жүзеге асырады.

Ескерту. 10-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 19.05.2026 № 292-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

11-бап. Үй жануарларын есепке алу

1. Есепке алынуға тиіс үй жануарлары тізбесіне енгізілген, жеке және заңды тұлғаларға меншік құқығымен және өзге де заттық құқықтармен тиесілі, оның ішінде жануарларға арналған панажайлардағы, жануарларды уақытша ұстау пункттеріндегі, жануарларға арналған оңалту орталықтарындағы, зоологиялық питомниктердегі үй жануарлары міндетті есепке алынуға, жануар иесі ауысқан жағдайда үй жануарларын есепке алу қағидаларында көзделген дерекқорда міндетті қайта есепке алынуға жатады.

Иттер мен мысықтарды есепке алу үй жануарларын есепке алатын міндетті бұйым (құрал) ретінде чипті пайдалану арқылы жүзеге асырылады.

2. Үй жануарларын есепке алуды облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдар, ветеринария саласындағы емдеу-профилактикалық кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке немесе мемлекеттік емес заңды тұлғалар жүзеге асырады.

3. Жануарлар иелерінің дербес деректері қамтылатын ақпаратпен жұмыс істеу Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

4. Үй жануарларын есепке алу үй жануарларын есепке алу бұйымдарын (құралдарын) пайдалана отырып, ақылы негізде жүргізіледі.

Иелері халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын үй жануарларын есепке алу үй жануарларын есепке алу қағидаларына сәйкес бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі.

5. Үй жануарын есепке алу кезінде оған үй жануарларын есепке алу қағидаларында айқындалған тәртіппен үй жануарының жеке нөмірі беріледі.

6. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдар, ветеринария саласындағы емдеу-профилактикалық кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке немесе мемлекеттік емес заңды тұлғалар тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 20-сынан кешіктірмей, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарына үй жануарларын есепке алу қағидаларына сәйкес есепке алынған үй жануарлары туралы ақпарат беруге міндетті.

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 30-ынан кешіктірмей, жануарларға жауапкершілікпен қарау саласындағы уәкілетті органға үй жануарларын есепке алу қағидаларына сәйкес есепке алынған үй жануарлары туралы ақпарат береді.

7. Есепке алынған үй жануарларының иелері үй жануарлары өлген кезден бастап он тәуліктен аспайтын мерзімде бұл туралы облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарға не ветеринария саласындағы емдеу-профилактикалық кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке немесе мемлекеттік емес заңды тұлғаларға хабарлауға міндетті.

Ескерту. 11-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 19.05.2026 № 292-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

12-бап. Жануарларды тасымалдауға қойылатын жалпы талаптар

1. Жануарларды тасымалдау кезінде олардың азыққа, суға, ауаға, қозғалысқа, табиғи қажеттіліктерін атқаруға деген қажеттіліктері қанағаттандырылуға тиіс, сондай-ақ жануарлар үшін зиянды сыртқы әсерлерден оларды қорғау қамтамасыз етіледі. Көлік кеңістігінің көлемі тасымалданатын жануарлардың биологиялық, түрлік және жеке ерекшеліктеріне сәйкес келуге тиіс.

2. Жануарларды тасымалдау үшін пайдаланылатын көлік құралы жануарларды тиеу, тасымалдау және түсіру кезінде жануарлардың мертiгyін немесе саулығына өзге де зиян келтірілуін немесе жануарлардың өлуін, сондай-ақ көлік құралынан олардың өз бетімен шығып кетуін болғызбайтындай етіп жабдықталуға тиіс.

3. Жануарларды тасымалдау жануарларды тасымалдау қағидалары сақтала отырып жүзеге асырылады.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

13-баптың тақырыбына өзгеріс енгізу көзделген – ҚР 19.05.2026 № 292-VIII (01.01.2027 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

13-бап. Жануарларды өсіруге қойылатын жалпы талаптар

1. Жануарларды өсіру кезінде жануарларды ұстауға қойылатын, осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасында көзделген жалпы талаптар ескерілуге тиіс.

2. Жануарлардың ұрпағына қажетті жағдайлар жасау мүмкін болмаған кезде жануардың иелері және (немесе) жауапты адамдар оларды стерилизациялауды қамтамасыз етеді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

13-бапты 3-тармақпен толықтыру көзделген – ҚР 19.05.2026 № 292-VIII (01.01.2027 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

14-бап. Ветеринариялық қызметтер көрсету кезінде жануарларға қарау ерекшеліктері

1. Жануардың иесі және (немесе) жауапты адам Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасына сәйкес жануарға ветеринариялық көмектің уақтылы көрсетілуін қамтамасыз етуге міндетті.

2. Жануарларға қатты ауырсынуды тудыратын емшараларды ветеринария мамандықтары бойынша жоғары, орта білімнен кейінгі немесе техникалық және кәсіптік білімі бар адамдар жүргізеді, олар қарсы көрсетілімдер болмаған жағдайда ауырсынуды басуды немесе анестезияны қолдануға міндетті.

3. Күрделі хирургиялық операцияларға, оның ішінде күшті әсер ететін анестезия препараттары пайдаланылатын операцияларға жататын ветеринариялық емшаралар мен манипуляцияларды ветеринария мамандықтары бойынша жоғары білімі бар адамдар жүргізе алады.

15-бап. Жануарларды жансыздандыру және олардың өлекселерімен жұмыс істеу

1. Жануарларды жансыздандыруға:

1) егер жануарлардың физикалық қиналуын өзгеше тәсілмен тоқтату мүмкін болмаса, жануарлардың физикалық қиналуын тоқтату үшін;

2) жануарлардың жаңа туған төлінде ауытқулар мен кемістіктердің анық білінген белгілері болып, ол тіршілік етуге қабілетсіз болған кезде;

3) Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану және аквашаруашылық саласындағы заңнамасында айқындалған тәртіппен жабайы жануарлардың санын реттеу мен аң аулау, балық аулау және балық шаруашылығын, аквашаруашылықты жүргізу кезінде;

4) жануар (жануарлар) адамға, жануарларға шабуыл жасаған жағдайда және (немесе) жануарлар адамның, жануарлардың өміріне немесе саулығына, сондай-ақ қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікке қатер төндіретін өзге де жағдайларда;

5) адамның және жануарлардың саулығына қауіп төндіретін жануарлардың аса қауіпті және жұқпалы ауруларын Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасына сәйкес жою кезінде;

6) иесіз жануарлардың (мысықтарды қоспағанда) санын реттеу кезінде астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті өкілді органдары белгілеген тәртіппен және мерзімдерде;

7) жануарларға арналған панажайларға және (немесе) жануарларды уақытша ұстау пункттеріне түскен ауру, негізсіз агрессия көрсететін, иесі немесе жауапты адам, сондай-ақ өзге де жеке, заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген мерзімдер өткен соң жайластырмаған және қажет етпеген қараусыз қалған жануарларға (мысықтарды қоспағанда) қатысты жол беріледі.

2. Жануарларды жансыздандыру кезінде мынадай талаптар сақталуға тиіс:

1) жансыздандыру жүргізілетін үй-жай басқа жануарлар ұсталатын үй-жайдан бөлек болуға тиіс;

2) жансыздандыру жануарлардың өлім алдындағы физикалық қиналуын болғызбайтын әдістермен жүргізіледі;

3) жануарларды тұншығудан, электр тоғынан, термиялық әсерден, уланудан, оның ішінде пестицидтермен уланудан өлуге алып келетін, жансыздандырудың адамгершілікке жат әдістерін және басқа да ауырсыну тудыратын әдістерді қолдануға тыйым салынады.

3. Осы баптың 2-тармағының талаптары осы баптың 1-тармағының 4) тармақшасында көзделген, адамның және (немесе) жануардың өміріне немесе саулығына, сондай-ақ қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікке нақты қатерді жою кезінде жануарларды жансыздандыру жағдайларына қолданылмайды.

4. Жануарларды жансыздандыру және олардың өлекселерімен жұмыс істеу кезінде Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасының талаптары сақталуға тиіс.

Ескерту. 15-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 12.06.2025 № 194-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.05.2026 № 292-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

4-тарау. ЖЕКЕЛЕГЕН САНАТТАРДАҒЫ ЖАНУАРЛАРҒА ҚАРАУ, ОЛАРДЫ ҰСТАУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ КЕЗІНДЕГІ ЕРЕКШЕЛІКТЕР

16-бап. Жабайы жануарларға қарау кезіндегі талаптар

Жабайы жануарларға қатыгездікпен қарауды болғызбау мақсатында оларға қарау кезіндегі талаптар осы Заңда және Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнамасында белгіленеді.

17-бап. Ауыл шаруашылығы жануарларына қарау кезіндегі талаптар

1. Ауыл шаруашылығы жануарларын ұстау, тасымалдау, оның ішінде сою орнына тасымалдау осы Заңның және Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Ауыл шаруашылығы жануарларын сою Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасының талаптары сақтала отырып жүзеге асырылады.

18-бап. Жануарларды мәдени-ойын-сауық мақсаттарында пайдаланған жағдайда оларға қарау кезіндегі талаптар

1. Жануарларды мәдениет, демалыс және ойын-сауық саласындағы қызметті жүзеге асыру кезінде, оның ішінде зоопарктерде, цирктерде, спорттық жарыстарда, жарнама жасау процесінде, кинематография туындыларын жасау кезінде, фото және бейне өнімдерді жасау үшін, телевидениеде, ағарту қызметінде, демонстрациялау мақсаттарында пайдалану жануарларды мәдени-ойын-сауық мақсаттарында пайдалану болып табылады.

2. Жануарларды мәдени-ойын-сауық мақсаттарында пайдалану және ұстау адамның және (немесе) жануардың өмірі мен саулығына зиян келтіруді болғызбау үшін қажетті қауіпсіздік шараларын сақтау ескеріле отырып жүзеге асырылады.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

18-бабы 3-тармағының қолданысы 01.01.2029 дейін тоқтатыла тұрады, тоқтатыла тұрған кезеңдегі редакциясын 30-баптың 2-тармағынан қараңыз.

3. Егер жануарларды ұстау олардың тіршілігі мен саулығына зиян келтірмей, биологиялық, түрлік және жеке ерекшеліктеріне сәйкес неғұрлым тиімді пайдалануды қамтамасыз етуге мүмкіндік бермесе, жануарларды стационарлық океанариумдарда пайдалануға жол берілмейді.

4. Жануарды мәдени, ойын-сауық және демонстрациялау мақсаттарында пайдалану тиімділігін арттыру мақсаттарында оның саулығының жағдайын нашарлататын дәрілік және өзге де препараттарды қолдануға тыйым салынады.

5. Жануарларды мәдени-ойын-сауық мақсаттарында пайдалануды көздейтін қызметті жүзеге асыруға оларды ұстау орындарында, сол үшін әдейі арналған ғимараттарда, құрылыстарда, үй-жайларда немесе оқшауланған аумақтарда жол беріледі.

6. Жануарларды мәдени-ойын-сауық мақсаттарында пайдалануды көздейтін қызметті көрермендерге немесе келушілерге жануарларға физикалық контакт беру

арқылы, оның ішінде коммерциялық пайдалану және фото мен бейне түсірілімдер жасау үшін адамдардың белгіленбеген тобының оларға қол жеткізуі үшін жүзеге асыруға жол берілмейді.

7. Ауыл шаруашылығы жануарларының және үй жануарларының көрмелерін қоспағанда, жылжымалы хайуанаттар бақтарының, контактілі зоопарктердің, жылжымалы океанариумдардың, жылжымалы жануарлар көрмелерінің қызметіне тыйым салынады.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

8-тармақ 01.01.2029 бастап қолданысқа енгізіледі – осы заңның 31-б. қараңыз.

8. Дельфинарийлердің қызметіне тыйым салынады.

9. Ауыл шаруашылығы жануарларының және үй жануарларының көрмелерін қоспағанда, дельфинарийлер, жылжымалы хайуанаттар бақтарын, контактілі зоопарктер, жылжымалы океанариумдар, жылжымалы жануарлар көрмелерін құруға тыйым салынады.

19-бап. Эксперименттік (зертханалық) жануарлармен жұмыс істеу кезіндегі талаптар

1. Жануарларды ғылыми зерттеулер, биологиялық тестілеу, оқу процесін жүргізу кезінде, медициналық мақсаттарда, сондай-ақ биомедициналық препараттар алу кезінде эксперименттік (зертханалық) жануарларға қатыгездікпен қарауды көздейтін пайдалану осы мақсаттар үшін баламалы объектілер мен модельдерді пайдалану мүмкін болмайтын жағдайларда ғана жүзеге асырылуы мүмкін.

2. Эксперименттік (зертханалық) жануарларға олар қатты ауырсынатын емшараларды жүргізу ауырсынуды, физикалық қиналуды барынша азайту үшін ауырсынуды басу немесе анестезия қолданыла отырып жүзеге асырылады.

3. Эксперименттік (зертханалық) жануарлармен жұмыс істеу кезінде жануарлардың барынша аз саны пайдаланылуға тиіс.

4. Ветеринариялық дәрігердің қорытындысында көзделген жағдайларды қоспағанда, жануарларды ұстау орындарынан шығарып алу кезінде эксперименттік (зертханалық) жануарларды дыбыс шығару мүмкіндігінен хирургиялық жолмен айыруға, оларға жарақаттау әдістері мен тәсілдерін қолдануға жол берілмейді.

5. Эксперименттік (зертханалық) жануарлармен жұмыс істеу кезінде:

1) жануарларға қатыгездікпен қарауды көздейтін демонстрацияларды оқу мақсаттарында өткізуге;

2) егер жануарларға қатыгездікпен қарауды көздейтін болса, рефлекторлық қызметтің жақсы таныс құбылыстарының демонстрацияларын оқу мақсаттарында өткізуге;

3) биологиялық препараттардың сапасын бақылау мақсатында оларды өндіру кезінде, сондай-ақ иммундау схемаларын зерделеу кезінде пайдаланылатын

жануарларды қоспағанда, ауырсындыратын емшараларды жүргізу үшін жануарды бір реттен артық пайдалануға;

4) он төрт жасқа толмаған адамдар қатысқан немесе болған кезде эксперименттік (зертханалық) жануарларға хирургиялық және әсер етудің өзге де ауырсындыратын әдістерімен байланысты тәжірибелер жүргізуге тыйым салынады.

6. Ғылыми зерттеулер, биологиялық тестілеу, оқу процесін жүргізу үшін, медициналық мақсаттарда, сондай-ақ биомедициналық препараттар алу кезінде пайдаланылатын эксперименттік (зертханалық) жануарларды ұстау және өсіру ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидалар, ветеринариялық нормативтер және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілері сақтала отырып, жүзеге асырылады.

7. Адамдар санитариялық қағидаларға және өзге де арнаулы талаптарға сәйкес жабдықталған, жануарларды ұстауға және өсіруге арналған үй-жайлары, сондай-ақ жануарларды күтіп-бағуды қамтамасыз ететін қызметкерлері болған кезде ғана жануарларды тәжірибелерде пайдалана алады.

8. Эксперименттік (зертханалық) жануарды жансыздандыруды жануардың иесі және (немесе) жауапты адам осындай құқық берген адам жүргізеді.

9. Эксперименттік (зертханалық) жануардың өлексесін кәдеге жарату оның өлгені расталғаннан кейін ғана жүргізілуі мүмкін.

20-бап. Қызметтік жануарлармен жұмыс істеу кезіндегі талаптар

1. Қызметтік жануарларды даярлауды (үйретуді) тиісті мамандар жүзеге асырады.

2. Қызметтік жануарларды даярлау (үйрету) кезінде жануарларды жүйелі түрде жарақат алуға алып келетін әрекеттерді орындауға мәжбүрлеуге тыйым салынады.

21-бап. Үй жануарларына қарау және оларды ұстау кезіндегі талаптар

1. Жануардың иесі немесе жауапты адам:

1) ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидалардың, ветеринариялық және гигиеналық нормативтердің талаптарын сақтауға;

2) үй жануарларын есепке алу қағидаларына сәйкес үй жануарларын есепке алуды жүргізуге;

3) басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін бұзбай, үй жануарларына жауапкершілікпен қарауды жүзеге асыруға;

4) адамның және (немесе) жануардың өмірі мен саулығына, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардың мүлкіне үй жануарының зиян келтіруін болғызбау үшін қажетті қауіпсіздік шараларын қабылдауға;

5) үй жануарына Қазақстан Республикасының ветеринария туралы заңнамасына сәйкес ветеринариялық көмектің уақтылы көрсетілуін және профилактикалық

ветеринариялық іс-шаралардың, оның ішінде вакциналаудың уақтылы жүргізілуін қамтамасыз етуге;

6) жергілікті атқарушы органдардың ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын бөлімшелеріне, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарға, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау органдарына үй жануарларының аса қауіпті және жұқпалы ауруларына ұшырау күдігі туралы, сондай-ақ үй жануарларының аса қауіпті және жұқпалы аурулардың салдарынан өлгені туралы дереу хабарлауға;

7) стерилизациялау арқылы үй жануарларының қалаусыз ұрпағын болғызбау бойынша шаралар қабылдауға;

8) денсаулық сақтау ұйымына және жергілікті атқарушы органдардың ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын бөлімшелеріне, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарға, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау органдарына жануарларының жеке тұлғаларға немесе жануарларға дене жарақаттарын салған жағдайлары туралы дереу хабарлауға және аса қауіпті және жұқпалы аурулардың ықтимал болуын анықтау мақсатында қарап-тексеру және қажетті клиникалық және (немесе) зертханалық-диагностикалық зерттеулер не ветеринариялық байқаулар жүргізу үшін өзінің жануарын облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымға, ветеринария саласында емдеу-профилактикалық кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке немесе мемлекеттік емес заңды тұлғаларға жеткізуге;

9) үй жануарларының тұрғын және тұрғын емес үй-жайларды, оның ішінде кондоминиум объектілерін, қоғамдық орындарды ластауына, сондай-ақ үй жануарларының қоршаған ортаға зиян келтіруіне жол бермеуге;

10) осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасында көзделген өзге де талаптарды сақтауға міндетті.

2. Үй жануарларының құлақтары мен құйрықтарын тұқылдау, егер бұл тұқым стандарты бойынша міндетті болып табылса ғана жүргізіледі. Рудименттік бақайларды алып тастауға, егер олар тұқым стандарты бойынша міндетті болып табылмаса, үй жануарына ыңғайсыздық немесе ауырсыну тудырса, жол беріледі. Үй жануарларына аталған емшаралар ауырсынуды басумен немесе анестезиямен жүргізілуге тиіс. Жануар денесінің бөліктерін кесу үй жануарына қажетті көмек көрсету мақсатында жүргізіледі.

22-бап. Үй жануарларын серуендетуге қойылатын талаптар

1. Үй жануарларын серуендету жеке тұлғалардың және жануарлардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ жеке немесе заңды тұлғалардың мүлкін зиян келтіруден қорғау шартымен жүзеге асырылуға тиіс.

2. Жануардың иесі және (немесе) жауапты адам қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында үй жануарларын ұстау және серуендету қағидаларын сақтауға міндетті.

3. Иттердің өз бетінше серуендеуіне тыйым салынады.

4. Үй жануарларының мінез-құлқын бақылай алмайтын, оның ішінде алкогольдік, есірткілік және (немесе) уытқұмарлық масаң күйдегі адамдардың оларды серуендетуіне тыйым салынады.

5. Жануар иесінің ерекше жауапкершілігін талап ететін үй жануары жануардың иесіне және (немесе) жауапты адамға меншік құқығымен немесе өзге де заңды негізде тиесілі қоршалған аумақта болатын жағдайларды қоспағанда, серуендету орнына қарамастан, жануар иесінің ерекше жауапкершілігін талап ететін үй жануарларын тұмалдылықсыз және қарғыбаусыз серуендетуге тыйым салынады. Осы аумаққа кіреберісте жануар иесінің ерекше жауапкершілігін талап ететін үй жануарының бар екендігі туралы ескерту жазбасы жасалуға тиіс.

6. Он алты жасқа толмаған адамдарға жануар иесінің ерекше жауапкершілігін талап ететін үй жануарларын серуендетуге тыйым салынады.

7. Үй жануарларын серуендетуге қойылатын талаптарды адамның өміріне немесе денсаулығына, жануарлардың тіршілігіне немесе саулығына және жеке және (немесе) заңды тұлғалардың мүлкіне зиян келтіруге алып келген бұзушылыққа жол берген иесі және (немесе) жауапты адам келтірілген зиянды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өтеуге міндетті.

Үй жануарларын ұстау және серуендету қағидаларын адам денсаулығына ауыр, ауырлығы орташа зиян келтіруге алып келген бұзушылық жағдайында, мұндай жануардың иесі осы Заңда белгіленген тәртіппен эвтаназия жүргізуге міндетті.

Ескерту. 22-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 19.05.2026 № 292-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

5-тарау. ҚАРАУСЫЗ ҚАЛҒАН ЖӘНЕ ИЕСІЗ ЖАНУАРЛАРҒА ҚАРАУ ЖӨНІНДЕГІ ҚЫЗМЕТТІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

23-бап. Қараусыз қалған және иесіз жануарларға қарау жөніндегі қызмет

1. Қараусыз қалған және иесіз жануарларға қарау жөніндегі қызмет:

1) жануарлардың аса қауіпті және жұқпалы ауруларының, оның ішінде жануарлар қоздырғыштарын тасымалдаушы болуы мүмкін, адамға және жануарларға ортақ аурулардың таралуына байланысты жағдайлардың туындауының алдын алу;

2) жеке тұлғалардың денсаулығына және (немесе) мүлкіне, заңды тұлғалардың мүлкіне зиян келтіруді болғызбау;

3) жануарлар дүниесі объектілеріне және олар мекендейтін ортаға залал келтіруді болғызбау;

4) тіршілігі үшін қауіпті жағдайдағы жануарларға көмек көрсету;

5) адасып қалған жануарларды иелеріне немесе жауапты адамдарға қайтару;

6) иесіз жануарлардың санын бюджет қаражаты және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен осы Заңда белгіленген тәртіппен реттеу;

7) иесіз жануарларды Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған көздер есебінен вакциналау мақсаттарында жүзеге асырылады.

2. Қараусыз қалған және иесіз жануарларға қарау жөніндегі қызметті жүзеге асыру кезіндегі іс-шаралар:

1) аулау қызметтерінің қараусыз қалған және иесіз жануарларды аулауын, сондай-ақ оларды есепке алуды;

2) қараусыз қалған және иесіз жануарларды осы Заңда көзделген, жануарларды ұстауға қойылатын жалпы талаптарға сәйкес жануарларды уақытша ұстау пункттерінде не жануарларға арналған панажайларда ұстауды;

2-1) осы Заңның 15-бабында көзделген жағдайларда эвтаназиялауды;

3) қараусыз қалған жануарлардың иелерін іздестіруді, сондай-ақ иесіз жануарларға иелерді іріктеп таңдауды қамтиды.

Ескерту. 23-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 19.05.2026 № 292-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

24-бап. Жануарларды аулау, уақытша ұстау және жансыздандыру

1. Жануарларды аулауды, уақытша ұстауды және жансыздандыруды аулау қызметі жүзеге асырады.

2. Жануарларды аулауды, уақытша ұстауды және жансыздандыруды дара кәсіпкерлер және мемлекеттік емес заңды тұлғалар бюджет қаражаты есебінен жүзеге асыра алады.

3. Жануарларды аулау, уақытша ұстау және жансыздандыру осы Заңға және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

25-бап. Иесіз жануарлардың санын реттеу

1. Иесіз жануарлардың санын реттеу мемлекет, жануарларды аулаумен, уақытша ұстаумен және жансыздандырумен айналысатын дара кәсіпкерлер және мемлекеттік емес заңды тұлғалар мысықтарға қатысты қолданылатын стерилизациялау, осы Заңның

15-бабында көзделген жағдайларда эвтаназиялау, жануарларды жайластыру, халыққа білім беру іс-шараларын және түсіндіру жұмыстарын жүргізу арқылы иесіз жануарлардың санын азайту үшін қабылдайтын шаралар кешенін білдіреді.

2. Осы Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, иесіз жануарлардың санын уларды, өзге де химиялық препараттарды пайдалануды қоса алғанда, кез келген тәсілдермен жансыздандыру арқылы реттеуге тыйым салынады.

Ескерту. 25-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 19.05.2026 № 292-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

26-бап. Жануарларға арналған панажайлар

1. Жануарларға арналған панажайлар өз қызметін осы Заңға сәйкес жүзеге асырады.

2. Жануарларға арналған панажайлар мемлекеттік және жекеше болуы мүмкін.

3. Жануарларға арналған панажайлар жануар иесімен немесе жауапты адаммен келісу бойынша үй жануарларын уақытша ұстау (орналастыру), сондай-ақ ветеринариялық және өзге де қызметтер көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыра алады.

4. Жануарларға арналған панажайлардың жануар иесінен немесе жауапты адамнан жануарды ұстауға байланысты шығыстардың өтемін, сондай-ақ егер жануарға олар қажет болса, ветеринариялық көрсетілетін қызметтердің құнын алуға құқығы бар.

5. Жануарларға арналған панажайлардың лауазымды адамдары:

1) жануар иесінің және (немесе) жауапты адамның талап етуі бойынша жануарды қайтаруға;

2) жеке тұлғалардың жануарларға арналған панажайға санитариялық өңдеу күндерін қоспағанда, жұмыс уақытында жануарларға арналған панажай белгілеген тәртіппен бару мүмкіндігін қамтамасыз етуге;

3) жануарларға арналған панажайдағы жануарлардың көбеюіне жол бермеу жөніндегі шараларды қабылдауға;

4) жануарларға жауапкершілікпен қарау саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен иттерді қоспағанда, иесіз жануарларға стерилизациялау жүргізуге;

5) ауырған немесе жарақаттанған жануарды емдеуді, сондай-ақ профилактикалық іс-шаралар жүргізуді қамтамасыз етуге;

6) қараусыз қалған жануарлардың иелерін іздестіруді және иесіз жануарларға иелерді іріктеп таңдауды жүргізуге;

7) жануарларды сәйкестендіруді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін олардың жеке сипаттамаларын тіркей отырып, жануарлардың жануарларға арналған панажайға келіп түсуін және одан шығуын құжаттамалық есепке алуды жүргізуге міндетті.

Ескерту. 26-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 19.05.2026 № 292-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

6-тарау. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЖАНУАРЛАРҒА ЖАУАПКЕРШІЛІКПЕН ҚАРАУ САЛАСЫНДАҒЫ ЗАҢНАМАСЫНЫҢ САҚТАЛУЫН ҚОҒАМДЫҚ БАҚЫЛАУ

27-бап. Қазақстан Республикасының жануарларға жауапкершілікпен қарау саласындағы заңнамасының сақталуын қоғамдық бақылау

1. Жануарларға жауапкершілікпен қарау саласындағы қоғамдық бақылауды қоғамдық инспекторлар және жарғысында жануарларға жауапкершілікпен қарау саласында қоғамдық бақылау жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыру көзделген коммерциялық емес ұйымдар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

2. Жануарларға жауапкершілікпен қарау саласындағы қоғамдық бақылау ерікті және өтеусіз негізде жүзеге асырылады.

28-бап. Жануарларға жауапкершілікпен қарау саласындағы қоғамдық инспекторлар мен коммерциялық емес ұйымдардың құқықтары

1. Қоғамдық инспекторлардың:

1) жануарларға жауапкершілікпен қарау саласындағы бұзушылықтарды аудио, фото және бейнетехника құралдарының көмегімен тіркеуге және тиісті материалдарды мемлекеттік органдарға жіберуге;

2) Қазақстан Республикасының жануарларға жауапкершілікпен қарау саласындағы заңнамасының талаптарын бұзушылықтардың алдын алуда және оларды анықтауда мемлекеттік органдарға жәрдемдесуге;

3) жануарларға жауапкершілікпен қарау саласында халықты ағарту жөніндегі жұмысқа қатысуға құқығы бар.

2. Жануарларға жауапкершілікпен қарау саласындағы коммерциялық емес ұйымдардың:

1) мемлекеттік органдардан өздерінің жарғылық мақсаттары мен міндеттерін іске асыруға қажетті ақпарат алуға;

2) жануарларға жауапкершілікпен қарау саласындағы қоғамдық бақылау нәтижелері бойынша мемлекеттік органдарға ұсыныстар енгізуге;

3) жануарлардың қажеттеріне бөлінген бюджет қаражатының пайдаланылуы туралы ақпаратты сұратуға және алуға құқығы бар.

3. Жануарларға жауапкершілікпен қарау саласындағы қоғамдық бақылауды жүзеге асыру кезінде жануарларға жауапкершілікпен қарау саласындағы қоғамдық инспекторларға және коммерциялық емес ұйымдарға "Қоғамдық бақылау туралы"

Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіппен жануарларды уақытша ұстау пункттерінің, жануарларға арналған панажайлардың және жануарларға қарау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын өзге де ұйымдардың аумағы мен үй-жайларына қолжетімділік қамтамасыз етілуге тиіс.

Ескерту. 28-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 19.05.2026 № 292-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

7-тарау. ҚОРЫТЫНДЫ ЖӘНЕ ӨТПЕЛІ ЕРЕЖЕЛЕР

29-бап. Қазақстан Республикасының жануарларға жауапкершілікпен қарау саласындағы заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық

Қазақстан Республикасының жануарларға жауапкершілікпен қарау саласындағы заңнамасын бұзу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа алып келеді.

30-бап. Өтпелі ережелер

1. Осы Заңның 7-бабы 2) тармақшасының қолданысы 2025 жылғы 1 қаңтарға дейін тоқтатыла тұрсын, тоқтатыла тұру кезеңінде осы тармақша мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"2) жануарларды жануарларға арналған панажайларда, зоологиялық жатынжайларда, жануарларды уақытша ұстау пункттерінде, жануарларға арналған оңалту орталықтарында, зоологиялық питомниктерде, контакттілі зоопарктерде, жылжымалы хайуанаттар бақтарында ұстау қағидаларын әзірлейді және бекітеді;"

2. Осы Заңның 18-бабы 3-тармағының қолданысы 2029 жылғы 1 қаңтарға дейін тоқтатыла тұрсын, тоқтатыла тұру кезеңінде осы тармақ мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

1) осы Заң қолданысқа енгізілген күннен бастап 2025 жылғы 1 қаңтарға дейін:

"3. Егер жануарларды ұстау, тасымалдау олардың тіршілігі мен саулығына зиян келтірмей, биологиялық, түрлік және жеке ерекшеліктеріне сәйкес неғұрлым тиімді пайдалануды қамтамасыз етуге мүмкіндік бермесе, жануарларды жылжымалы хайуанаттар бақтарында, ауыл шаруашылығы жануарларының және үй жануарларының көрмелерін қоспағанда, жылжымалы жануарлар көрмелерінде, сондай-ақ дельфинарийлерде, жылжымалы және стационарлық океанариумдарда және контакттілі зоопарктерде пайдалануға жол берілмейді.";

2) 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап 2029 жылғы 1 қаңтарға дейін:

"3. Егер жануарларды ұстау, тасымалдау олардың тіршілігі мен саулығына зиян келтірмей, биологиялық, түрлік және жеке ерекшеліктеріне сәйкес неғұрлым тиімді

пайдалануды қамтамасыз етуге мүмкіндік бермесе, жануарларды дельфинарийлерде, стационарлық океанариумдарда пайдалануға жол берілмейді."

3. Осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін құрылған жылжымалы хайуанаттар бақтары, контактiлi зоопарктер, жылжымалы океанариумдар, ауыл шаруашылығы жануарларының және үй жануарларының көрмелерін қоспағанда, жылжымалы жануарлар көрмелері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен 2025 жылғы 1 қаңтарға дейін таратылуға немесе қайта ұйымдастырылуға жатады.

4. Осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін құрылған дельфинарийлер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен 2029 жылғы 1 қаңтарға дейін таратылуға немесе қайта ұйымдастырылуға жатады.

5. Көрсетілген мерзімдер өткеннен кейін осы баптың 3 және 4-тармақтарында аталған, өз қызметін тоқтатпаған және (немесе) өздерінің құрылтай құжаттарын осы Заңның талаптарына сәйкес келтірмеген тұлғалар облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының жүгінуі бойынша сот тәртібімен таратылады.

31-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі

Осы Заң:

1) 2023 жылғы 1 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілетін осы Заңның 9-бабы 1-тармағының 4) тармақшасын, 11-бабын, 21-бабы 1-тармағының 2) тармақшасын;

2) 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін осы Заңның 18-бабының 7-тармағын;

3) 2029 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін осы Заңның 18-бабының 8-тармағын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті

Қ. ТОҚАЕВ